# ЖЕТІСУ шұғыласы

№ 12 (9097),
жұма, 3 сәуір
2026 жыл



Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

# ҚАЗАҚСТАН САЯСИ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ — THE NATIONAL INTEREST ЖУРНАЛЫНДА ТОҚАЕВТЫҢ МАҚАЛАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ



***«Әділетті, қуатты әрі өркендеген Қазақстанның жаңа Конституциясы» атты мақаласында Президент Қазақстанның жаңа Конституциясын қабылдау бойынша жуырда өткен республикалық референдум ұлт дамуының даңғыл жолға түскенін көрсететінін атап өткен.***

— Еліміз саяси трансформацияның ең маңызды кезеңіне қадам басты. Тәуелсіздік алғалы 35 жыл ішінде мұндай елеулі уақиға болған емес. Соңғы жылдары үшінші мәрте өткен жалпыұлттық референдум еліміздің саяси жүйесі жетілгенін, азаматтарымыз мемлекет келешегін айқындайтын маңызды шешімдерді қабылдау үдерісіне тікелей атсалысуға дайын екенін байқатты. Референдумға дауыс беру құқығы бар халықтың 73,12 пайызы қатысты. Бұл — рекордтық көрсеткіш. Конституциялық өзгерістерді дауыс берушілердің 87,15 пайызы, яғни, жұртшылықтың басым бөлігі қолдады, — деп жазды Президент.

Мемлекет басшысы азаматтарымыз мақұлдаған Қазақстанның жаңа Конституциясы халықтың әділ әрі құқықтық мемлекетте өмір сүруді қалайтынын аңғартатынын жазған.

— Заң мен тәртіп, адамның құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарау және оны мүлтіксіз сақтау, қоғамды жаңғырту қағидаттары Конституцияға арқау болды. Сондай-ақ білім, ғылым, технология, мәдениет салаларын ілгерілетуге, экологиялық сана, волонтерлік, отаншылдық құндылықтарын дәріптеуге басымдық берілді. Ең маңыздысы, Қазақстанның зайырлы мемлекет екені анық жазылды. Бір жағынан, мұны жас буынның үмітін ақтауға бағытталған айтулы қадам десек болады. Сол себепті жаңа Конституция өскелең ұрпақтың бағдары, темірқазығы ретінде қызмет атқаратынына сенімдімін, — деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Ата заңымыз өте мұқият, барынша жауапкершілікпен әзірленген.

— Мәтіндегі әрбір сөйлемнің жазылуына өзім де үлес қостым. Конституциялық комиссия құрамына еліміздің 129 азаматы енді. Қоғам атынан осылай өкілдік ету бұрын-соңды болмаған. Олар Конституцияны егжей-тегжейлі зерделеп, сарапшылар мен үкіметтік емес ұйымдардан келіп түскен 12 мыңға жуық ұсынысты қарастырды. Ата заң жобасы алты ай бойы қоғам талқысынан өтті. Жаңа Конституция «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласына сай стратегиялық мұратымызды іске асыруға берік негіз қалап, оны одан әрі нығайта түседі, — делінген мақалада.

Ол Президент квотасын алып тастау заң шығарушы билік тармағының дербестігін күшейтетінін тілге тиек еткен.

— Бір палаталы парламент жүйесіне (Құрылтайға) көшу заң шығару үдерісін жеделдетіп, жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді. Жаңа консультативтік орган — Халық кеңесі азаматтардың мемлекет ісіне қатысу аясын кеңейтіп, қоғамдық диалогтың өрбуіне жол ашады. Сонымен қатар жаңа конституциялық жүйе аясындағы институционалдық реформалар мемлекеттік басқаруды жетілдіріп, басшы кадрларды тұрақты түрде жаңартуға септігін тигізеді. Бұл бағыттағы өзгерістердің нақты нәтижесінің бірі ретінде Вице-президент лауазымының енгізілуі, басты мемлекеттік тұлғалардың қызмет мерзімі мен құзыретін шектеу ел басқару жүйесінің кемелденгенін көрсетеді. Жаңа Конституция тек мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруді көздемейді. Оның өзегі — адам. Ата заңның ең үлкен бөлімі алғаш рет адам құқықтары мен бостандықтарына арналып отыр, — деп жазды Президент.

Мақалада Ата заңға қатысты адамның жеке басына қол сұғылмау құқығына, сонымен қатар дербес деректердің қорғалуына, сот шешімінсіз тұрғын үйден айырмауға және шығарып жібермеуге кепілдік берілетіні айтылған. Сондай-ақ әр азаматтың білікті заң көмегін алу және қорғалу құқығын қамтамасыз ету үшін сот жүйесінің тәуелсіздігі едәуір нығайтады.

Ең бастысы, енді Конституцияға енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар тек жалпыхалықтық референдумда ғана мақұлданады. Осылайша, ел тағдырына қатысты аса маңызды шешімдер халықтың талқысынан өтіп барып қабылданатыны жазылған.

— Бұдан бөлек, жаңа Конституция ел дамуының стратегиялық негізін қалыптастырып, тұрақтылық пен жаһандық бәсекеге қабілеттілігімізді арттырады. Мәселен, Ата заңда меншік құқығын қорғау тетіктері күшейді, зияткерлік меншік қорғау туралы бап енгізіліп, экономикалық қызметтің ережелері айқындалды. Инновация мен индустрияның дамуына тың серпін беру үшін «қарқынды дамитын қала» арнаулы құқықтық режимі енгізілді. Қазақстан шетелдерден тікелей инвестиция тарту көрсеткіші бойынша Орталық Азияда көш бастап тұр. Аймаққа келген инвестицияның 70 пайызға жуығы біздің елімізге тиесілі. Әйтсе де бұл бағытта әлі атқарылатын шаруа көп. Қазақстанның толық цифрлық елге айналу үдерісін жеделдету және инновацияға негізделген экономика құру үшін осындай реформалар жүргізілуі қажет еді. Бір жағынан бизнесті, инновация мен ұзақмерзімді серіктестікті дамытуға бейіл екенімізді Конституция деңгейінде бекіту арқылы халықаралық инвесторлар мен серіктестердің сеніміне ие боламыз, — деп жазды Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың жазуынша, дүние жүзіндегі дүрбелеңдерге қарамастан, Қазақстан отыз жыл ішінде көркейіп, әлемнің ең дамыған 50 экономикасының қатарына енді.

— Цифрлық үкіметті дамыту көрсеткіші бойынша жаһандағы үздік 30 елдің санатындамыз. Елімізде мұнай мен газдың мол қоры бар. Жаңартылатын қуат көздерін, аса маңызды пайдалы қазбалар мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге әлеуетіміз жеткілікті. Біз — ғарыш державасымыз. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық еттік. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүше болдық. Бүгінде еліміз Орта дәліз аясында жаңа сауда бағыттарын өркендетуді қолға алды. Орталық Азиядағы көршілес елдермен тығыз ынтымақтастық орнатып, озық технологияларды игеруге, аймақтағы мықты суперкомпьютерді іске қосып, қазақ тілінің үлкен тіл моделін жасауға кірісті. Елімізде экономикалық тұрғыдан белсенді, еңбекқор, жоғары білімді азаматтардың үлесі басым. Олардың арасынан дарынды суретшілер, өнер жұлдыздары, мәнерлеп сырғанау, дзюдо секілді спорт түрлерінен Олимпиада жеңімпаздары шықты, — деп тоқталды Президент.

Мемлекет басшысы 1995 жылы қабылданған Конституция Тәуелсіздігіміздің тұғырын бекемдеп, ел еңсесін тіктеуге оң ықпал еткенін айтқан.

— Ал жаңа Ата заң кемеліне келіп, жаңғыруға бет бұрған, келешекке қол созған қоғамның басты құжаты болмақ. Бұдан былай халқымыз тарихи таңдауын жасаған 15 наурызды Конституция күні ретінде атап өтеміз. Осы сындарлы сәтте тарихқа тағзым етіп, әділдік пен технологиялық прогресс қағидаттарын ілгерілететін, ашық экономика мен жауапты жаһандық серіктестікті қолдайтын қуатты мемлекеттің іргесін қалап жатырмыз, — деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев.

**kaz.inform.kz**

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



***Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру қорытындысы шығарылды.***

Үкімет негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу туралы есеп берді. Сондай-ақ бірқатар салалық мемлекеттік орган жетекшілері басты бағыттар бойынша баяндама жасады.

Мемлекет басшысы геосаяси ахуалды ескере отырып, қоғамдық, экономикалық, экологиялық, су және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін пысықтау қажеттігіне назар аударды.

Бұдан бөлек, отырыста Қазақстан Республикасының 2026-2030 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясының жобасы қаралды. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі саналатын бұл Стратегия алдағы бес жылда болуы ықтимал сын-қатерлерге төтеп берудің негізгі тәсілдерін анықтайды.

Жиында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин орта мерзімге арналған басымдықтар, мақсатты индикаторлар мен стратегиялық тәуекелдерді басқару механизмдері жөнінде баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаңа Конституцияны қабылдау арқылы мемлекет дамуындағы жаңа кезеңге қадам басып, Қазақстанның Тәуелсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын сенімді түрде қорғауға мүмкіндік туды. Ал аталған Стратегия конституциялық қағидаттардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етіп, еліміздің тұрақты әрі қарқынды дамуына жағдай жасайды.

Мемлекет басшысы ұлттық мүддені қорғау міндеттерін сапалы орындаудың маңызына баса мән берді. Оның қатарына, атап айтқанда, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету; азаматтарды, қоршаған ортаны және ақпараттық кеңістікті қорғау деңгейін арттыру; киберқауіпсіздік шараларын күшейту және әлеуметтік-экономикалық саладағы тәуекелдерді азайту мәселелері кіреді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев экономика, білім мен технология салаларында сұранысқа ие білікті шетелдік мамандарды тартуға қолайлы жағдай жасайтын бағдарламаны жеделдетіп әзірлеуді тапсырды.

**akorda.kz**

# ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРАЛДЫ ҚҰТҚАРУ ҚОРЫНЫҢ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

***Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Халықаралық Аралды құтқару қорының басқарма мүшелерімен кездесу өткізді. Сондай-ақ Қазақстан аталған қорға төрағалық етуін биыл аяқтайды.***

Жиынға Тәжікстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Сулаймон Зиёзода, Түрікменстан Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары Тангрыгулы Атахаллыев, Өзбекстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Шухрат Ганиев, Өзбекстан Республикасының су шаруашылығы министрі Шавкат Хамраев, Қырғыз Республикасының Су ресурстары, ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі министрінің орынбасары – Министрлік жанындағы Су ресурстары қызметінің директоры Алмаз Жээналиев, Халықаралық Аралды құтқару қоры атқарушы комитетінің төрағасы Асхат Оразбай, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салалық министрліктері мен ведомство басшылары қатысты.

Су шаруашылығы саласындағы өңірлік ынтымақтастықты әрі қарай дамыту, Қор қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ биылғы 22 сәуірде Астанада өтетін ХАҚҚ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына дайындық мәселелері қаралды.

Олжас Бектенов Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған Аралды құтқару және трансшекаралық су ресурстарын тұрақты басқару мәселелері басым бағыттар қатарында екенін атап өтті. ХАҚҚ отыз жылдан астам уақыт бойы Орталық Азия мемлекеттерінің су, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзара әрекеттесуінің негізгі өңірлік алаңы болып отырғаны баса айтылды.

Кездесу барысында су есебін жүргізу мен басқаруды цифрландырудың маңыздылығы атап өтілді.

«Мұнда Сырдария және Әмудария өзендері бассейндерінде су ресурстарын есепке алу, мониторинг жүргізу және бөлу бойынша бірыңғай автоматтандырылған жүйені кезең-кезеңімен енгізу туралы сөз болып отыр. Цифрландыру мен есепке алу су пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз етеді деп ойлаймын. Сенімді деректердің болуы және бірлескен мониторинг мемлекеттер арасындағы сенімнің негізі болып саналады және су ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қазіргі заманғы шарттық-құқықтық базаны қалыптастыру аясында Қазақстан Орталық Азияның су ресурстарын пайдалану жөніндегі Негіздемелік конвенциясын пысықтауды қолдайды. Құжат су ресурстарын ұтымды пайдалану, трансшекаралық зиянның алдын алу және гидрологиялық ақпарат алмасуды дамыту бойынша келісілген қағидаттарды бекітуі тиіс.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық су проблемаларын шешу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құруды ұсынды. Бұл бастама күш-жігерді біріктіруге және қосымша ресурстарды тартуға, соның ішінде өңірлік жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Кездесу барысында Қор жұмысының тиімділігін арттыру, оның институттары арасындағы үйлестіруді күшейту және қабылданатын шешімдердің нәтижелі жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында Халықаралық Аралды құтқару қорының ұйымдастырушылық құрылымын және шарттық-құқықтық базасын жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сондай-ақ алдағы Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысы қарсаңында негізгі мәселелер бойынша келісілген тәсілдерді әзірлеудің маңыздылығы атап өтілді.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар сындарлы диалогті жалғастыруға, су дипломатиясын дамытуға және өңірдің су ресурстарын тұрақты басқаруға, сондай-ақ Арал теңізі бассейніндегі экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған ортақ шешімдерді бірлесіп іздеуге мүдделі екенін растады.

**primeminister.kz**

# ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТІНІҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІ ӨТКІЗІЛДІ




*Жетісу облысында жастарға арналған «JASTAR INFO» ақпараттық кеңес беру пункті ашылды. Бұл жоба жастарға қажетті кеңестерді бір жерде шоғырландырып, олардың білім алуына, жұмысқа орналасуына, құқықтық сауаттылығын арттыруға және әлеуметтік мүмкіндіктерді тиімді пайдалануына жағдай жасауға бағытталған, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.*

*Іс-шара барысында өңірдегі жауапты тұлғалар сөз сөйлеп, жастар саясатының маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар қатысушыларға жаңа ақпараттық пункттің мүмкіндіктері таныстырылып, оның жұмысы жан-жақты көрсетілді. Атап айтқанда, пункт бірнеше негізгі бағыттар бойынша қызмет көрсетеді. Мәселен, білім беру саласында – мамандық таңдау, оқу орындарына түсу және білім бағдарламалары бойынша кеңес беру, құқықтық бағытта – жастардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, заңгерлік кеңес беру және құқық бұзушылықтың алдын алу, NEET санатындағы жастар бойынша – жұмысқа орналасу, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу, түйіндеме әзірлеу және сұхбаттан өту дағдыларын дамыту, еңбекпен қамту бағытында – бос жұмыс орындары туралы ақпарат беру, кәсіби бағдарлау және еңбек нарығына бейімдеуді атап өтуге болады.*

*- Біздің бастамамызбен жастарды жан-жақты дамытуға бағытталған кеңес беру пункті ашылып отыр. Мұнда жастардың өзіне қажетті бағыт бойынша кәсіби мамандардан тегін әрі сапалы кеңес алу мүмкіндігі бар. Бұл нысан тек ақпарат беру орталығы ғана емес, сонымен қатар жастар мен мемлекеттік қолдау тетіктері арасындағы байланысты нығайтатын маңызды алаңға айналады деп сенемін, - «Jetisu jastary» КММ директоры Шамиль Ванкеев.*

*Шараға қатысқан жастар да өз пікірін білдірді.*

*- «JASTAR INFO» пунктінің ашылуы мен үшін қуанышты жаңалық болды. Себебі біз сияқты жастарға болашақ мамандықты дұрыс таңдау, оқу орындары мен білім бағдарламалары туралы нақты әрі сенімді ақпарат алу аса маңызды. Осы пункт арқылы өзіме қажетті бағыттар бойынша толыққанды кеңес алып, болашағыма деген сенімділік пайда болды. Мұндай орталықтардың көбейгенін қалаймын, - деді Аида Карабаланова.*

*- Мен үшін ең маңыздысы жұмыспен қамту бағыты болды. Осы жерде бос жұмыс орындары туралы нақты ақпарат алып, еңбек нарығының талаптарын түсіндім. Бұрын бойымда сенімсіздік болса, енді қай бағытта даму керектігін түсіндім. Осындай пункттер жастардың жұмыс табуына лң ықпалын тигізеді деп ойлаймын, - деді Данияр.*

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

# БЕЙБІТ ИСАБАЕВ СЕНАТОРЛАРМЕН ЖЕТІСУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ



*Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев өңірге жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшелерімен кездесті. Кездесуде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы сөз болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.*

*Сенаттың ресми делегациясын жылы қарсы алған Бейбіт Исабаев депутаттардың өңірге сапарларының маңыздылығын тілге тиек етіп, мұндай кездесулердің аймақты дамытуға оң ықпал ететінін атап өтті.*

*Өз кезегінде аталған Комитет төрағасы Сүйіндік Алдашев Жетісуға сапары барысында Панфилов ауданында, соның ішінде «Қорғас» торабында болғанын айтты.*

*- Мемлекет басшысының тапсырмасымен еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамытуға ерекше назар аударылып отыр. Сондықтан осы сапарымызда біз шығыс қақпамыз саналатын «Қорғас» арнайы экономикалық аймағының мүмкіндіктерін көріп, кәсіпкерлермен кездестік, ұсыныстарын тыңдадық, Панфилов ауданын аралап көрдік, - деген С. Алдашев алдағы жоспарланған парламенттік тыңдауға дайындық барысында бұл сапардың пайдалы болғанын жеткізді.*

*Облыс әкімі депутаттарға өңірдің дамуы, соның ішінде экономикалық ілгерілеудің маңызды нүктелері «Достық» және «Қорғас» тораптары, оларда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық ірі жобалар туралы баяндап берді.*

*- Депутаттар мен біздің, яғни жергілікті атқарушы органдардың тығыз қарым-қатынаста, өзара кеңесе отырып жұмыс істесек, нәтижелі болатыны анық. Бүгін аймақтарды дамытудағы кейбір келелі мәселелердің оң шешілуіне ықпал ететін пайдалы кездесу болды деп ойлаймын. Өйткені біздің мақсатымыз ортақ – елдің экономикалық қуатын арттыру, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, - деді Б. Исабаев сөзінің қорытындысында.*

*Фотограф: Дмитрий Ерофеев*

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

# ҰЛТ ҰСТАЗЫ - ЫБЫРАЙ



*Қазақ даласында білімнің алғашқы шырағын жаққан ұлы тұлғалардың бірі-Ыбырай Алтынсарин. Ол тек ұстаз ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Оның шығармалары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ұлы ұстаздың туғанына 185 жыл толуына орай Қоңыр ауылдық кітапханасында "Ұлт ұстазы-Ыбырай" атты тұлғатану сағаты өтті. Өскелең ұрпаққа Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы таныстырылып, кітап көрмесі ұйымдастырылды.*

*Бүгінгі таңда Ыбырай Алтынсарин мұрасы қазақ халқының баға жетпес рухани қазынасы. Білімге ұмтылу, адал еңбек ету- бұл құндылықтар әрқашан қоғамның негізі болып қала береді.*

*Ыбырай Алтынсарин- ұлт болашағын ойлаған халқын алға жетелеген ұлы ағартқышышы. Оның өмірі мен шығармашылығы кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Бүгінгі жастар оның мұрасынан тәлім алып, біліммен еңбекке ұмтылса, елдің болашағы жарқын болары сөзсіз.*

Ж.Умирбекова,
Қоңыр ауылдық
кітапханасының кітапханшысы

# ЦИФРЛАНДЫРУ ЖЫЛЫ: ЖЕТІСУДА БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ТАҚЫРЫБЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ




*Биылғы цифрландыру жылы аясында Жетісу облысында болашақ технологиялар тақырыбы кеңінен талқыланды. Талдықорғандағы «Jetisu Digital» IT-хабы базасында өткен «Empowering Kazakhstan's Future: IT & AI Insights 2026» атты мазмұнды конференция өңірдің технологиялық әлеуетін дамытуға бағытталды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.*

*Шара барысында қатысушылар заманауи цифрлық бағыттармен танысып қана қоймай, өз жобаларын жүзеге асырудың алғашқы тетіктерін меңгеруге мүмкіндік алды.*

*Кездесудің басты қонағы – халықаралық деңгейдегі сарапшы, JumpCloud компаниясының Platform Software Engineer-і, Cloud Architect әрі Google Developer Expert (GDE) Энез Туран бұлттық технологиялар, backend әзірлеу және таратылған жүйелер архитектурасы бағытындағы озық тәжірибесімен бөлісіп, күрделі жүйелерді құрудың заманауи тәсілдерін түсіндірді. Оның айтуынша, бүгінгі таңда cloud computing мүмкіндіктерін тиімді пайдалану – IT саласында бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторларының бірі.*

*– Қазақстандық достарыммен бірге жасанды интеллект пен Gemini мүмкіндіктері туралы бірегей воркшоп өткіземін. Біз IT, AI және нақты инженерлік тәжірибелерге терең бойлап, болашақты шынымен қалыптастыратын инсайттарды қарастырамыз. Мен өз біліміммен бөлісіп, технологиялардың алдағы даму бағыты және осы үдерістің бір бөлігіне қалай айнала алатынымыз жайлы баяндаймын. Егер технологияларға, жасанды интеллектіге және маңызды дүниелерді жасауға қызығушылық танытсаңыз, онда бүгін сіздің орныңыз – осы жерде, біздің қатарымызда, - деді Google Developer сарапшысы Энес Туран.*

*Бір ерекшелігі, жиын толықтай ағылшын тілінде өтті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл халықаралық деңгейдегі тәжірибені тікелей қабылдауға жол ашады.*

*– «Google» компаниясының атақты сарапшысының жасанды интеллект және оның Қазақстандағы болашағы туралы дәрісін тыңдадық. Бұл – талдықорғандықтар үшін ерекше мүмкіндік, өйткені бізге Түркиядан маман арнайы келіп отыр. Мұндай деңгейдегі спикерлерді табу өте қиын, келіссөз жүргізу де оңай емес, себебі олардың бос уақыты жоқ, тек алдын ала жоспарланған кесте бойынша ғана сапарға шыға алады. Тыңдаушы ретінде біз жергілікті студенттер арасындағы әзірлеушілерді, осы бағытқа қызығушылық танытқан әрі үлгерімі жақсы мектеп оқушыларын, сондай-ақ шетелдік мамандармен ынтымақтастыққа ниетті адамдар мен мамандарды шақырдық. Бүгінгі ақпарат баршаға пайдалы болады деп сенемін, – дейді ұйымдастырушылардың бірі, «Астана Хаб» АҚҚ-ның Талдықорған қаласы бойынша менеджері Маржан Мүлкібаева.*

*Шара аясында өткен тәжірибелік воркшоп қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Мұнда нақты кейстер талданып, заманауи AI құралдары таныстырылды. Сонымен қатар жастар өз идеяларын пысықтап, оларды технологиялық жобаға айналдыру жолдарын қарастырды. Ашық пікір алмасу мен нетворкинг алаңы жаңа байланыстар орнатуға мүмкіндік беріп отыр.*

*Жиынға мектеп оқушылары, студенттер, жас мамандар және IT саласына бейжай қарамайтын өңір тұрғындары қатысты. Солардың бірі – Талдықорған қаласындағы №14 орта мектеп-гимназиясының 8 «Д» сынып оқушысы София Егорова.*

*- Мен әзірге мектепте оқимын, бірақ болашақта қандай мамандықты таңдайтынымды қазірден бастап ойлап жүрмін. Әлі нақты шешім қабылдамадым, сондықтан осындай іс-шараларға тұрақты қатысуға тырысамын. Қазіргі таңда басқа бағыттарға көбірек көңіл бөліп жүрмін, дегенмен жалпы ой-өрісімді кеңейту үшін арнайы уақыт бөліп, осы шараға келдім. Қазіргі жастардың әлеуеті үлкен, сондықтан әрдайым жаңа нәрселерді үйренуге ұмтылу керек, бұл біз үшін пайдалы болатыны сөзсіз, - деді ол.*

*– Бүгін шынымен ерекше күн, өйткені біз «Google»-дың қазіргі замағы әзірлеушісімен тікелей тілдесу бақытына ие болдық. Менiңше, мұндай деңгейдегі маманның шеберлік сағатына қатысу – бағдарламашылар арасындағы жарыста жеңіске жетумен бірдей. Жетісу облысының жастары үшін бұл – зор мүмкіндік, – дейді осындай тренингтердің тұрақты қатысушысы, Талдықорғандағы №19 орта мектептің 10 «Ә» сынып оқушысы Рамазан Өмірғали.*

*Фотограф: Дмитрий Ерофеев*

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



# БРУЦЕЛЛЕЗ: САҚТАНУ ЖӘНЕ ҚОРҒАНУ ШАРАЛАРЫ

*Аудан тұрғындарының басым бөлігі мал өсірумен айналысады. Қазіргі кезде жеке аулаларда және шаруа қожалықтарда мал басы үнемі өсу үстінде, шетелдерден мал әкелген тұлғаларда бар. Осы орайда мал шаруашылығына орасан зор шығын келтіріп отырған, ауданда жылма-жыл кездесетін жіті және созылмалы түрде өтетін, адам мен жануарға ортақ аурудың бірі – бруцеллез ауруы.*

*Аурудың клиникалық белгілері - малдардың іш тастауы, ол негізінен жүктіліктің екінші жартысында байқалады, буындардың ісінуі, зәр шығару, жыныс және басқа жүйелерінің бұзылуы. Көптеген жағдайларды ешбір клиникалық белгісіз созылмалы түрде де өтуі мүмкін. Жасырын өту кезеңі бірнеше айға созылумен ерекшеленеді. Қоғамдық қауіптілігіне байланысты бруцеллез қауіпті аурулар қатарына енгізілген. Жабайы және үй жануарларының көптеген түрлері сезімтал. Қой, ешкі, мүйізді ірі қара, жылқы, шошқа, ит, құс кеміргіштер, жабайы аңдардың 24 түрі ауыратыны белгілі.*

*Аурудың қоздырғышы – бактерия, суыққа төзімді, ыстыққа төзімсіз болып келеді. Сүтте- 35 күн, сиырдың сүтінен жасалған тағамдарда (сары май, құртта, ірімшіктерде) 40-60 күнге дейін, тұздалған етте 1-2 айға, жайылымдылығы ылғал топырықта - 3 ай, көңде - 50 күнге дейін қоздырғышы сақталады.*

*Ауруды таратушы- ауырған, бруцеллез тасымалдаушы мал болып саналады. Ағзадан қоздырғыштары іш тастау немесе төлдеу кезінде, сонымен қатар түсіктен, зәрімен, нәжісімен шығарылады. Іш тастау жағдайы өте қауіпті өйткені бруцелалар іш тастаудың алдында бірнеше күн кейін 14-60 күн ағзадан шығарылып отырылады.*

*Бруцеллез ауруының жұғу жолдары:*

*- басқа жерлерден бруцеллез ауруына тексерілмей келген және жасырын ауырған жануарлардан;*

*- жайылымда қолайлы аймақтағы мал мен қолайсыз аймақтағы малдардың қатынасы арқылы;*

*- жас төлдерге ауырған анасынан жұғады;*

*- малды тұрақты ұстау жағдайына қойған кезде, ауру жанасуарқылы тарауы мүмкін;*

*- зақымдалған тері арқылы; адамның терісінде болатын жырындылар мен жаралар арқылы организмге тарайды, бұл жағдай малдарды күтіп-бағатын адамдарда жиі кездеседі;*

*- алиментарлық жолмен ет, ет өнімдері, сүт, сүт өнімдері арқылы;*

*Табында, отарда осы аурумен ауырған малдарды дер кезінде анықтамаған жағдайда, ауру мал саны артатыны белгілі, таралуына мал қора жайдың ветеринариялық-санитариялық талаптарына сәйкес болмауына да байланысты болуы, іш тастау жағдайының көбеюіне, жем-шөптің аздығы, сапасының нашарлығыда әсер ететінінін айтқымыз келеді.*

*Аурудың қоздырғышы адам организміне түсетін болса, өте қатерлі себебі адамның ұрпақ әкелмеу мүгедектікке әкеп соғады.*

*Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №7-1/587 бұйрығына сай, жеке аулалар мен шаруа қожалықтарда, басқадай құрылымдағы мүйізді ірі қара және ұсақ мүйізді малдарының - аналық және 1 жасқа толғандары жылына 2 рет (көктемде және күз мезгілдерінде) қан алу арқылы серологиялық әдіспен бруцеллез ауруына тексеріледі. Қошқарлар, текелер бруцеллезге тексерумен қатар індетті эпидемитке тексеріледі.*

*Шошқа мегежіндері бруцеллез ауруына күдіктенуге негіз болған жағдайларда тексеріледі, ал еркектері жылына бір рет, жылқы бруцеллезге (бурсит) күдіктенуге негіз болатын белгілері анықталған кезде, түйе, марал, бұғы, және шаруашалықтың субъектісінің аумағында отар немесе табын маңайында мекендейтін ересек иттерді жылына 1 рет тексеру қарастырылған.*

*Тексеру қортындысымен оң немесе күмәнді нәтиже көрсеткен мал бастары оқшауланады. Осы орайда, мал иесіне ауру деп танылған малды оқшаулауға, «Б» таңбасын басуға нұсқама беріледі, оны орындау мал иесінің міндеті болып табылады. Мал иесі қанды тексеру қортындысымен таныстырылады және 15 күнтізбелік күннен кешірмей қайта өңдеу орнына өткізуге тиіс. Ауру малдарды өткізуге аудандық ветеринариялық станциясында арнайы көлік бөлінген. Егер мал иесі тексеру қорытындысымен келіспеген жағдайда, аудандық ветеринариялық зертханада сақтаулы тұрған қан сарысуын қайталап тексерту жөнінде ҚР АШМ ВБжҚК аудандық аумақтық инспекциясы және жергілікті ветеринар мамандарының шешімі негізінде қайталап тексеріледі, тексеру қорытындысы беріледі. Осы тексерудің қорытындысымен мал иесіне ауру малды қайта өңдеу орнына өткізу жөнінде нұсқама беріледі және 15 күннен аспайтын уақыт ішінде өткізіледі. Ал күмәнді нәтиже көрсеткен жануарлардан қайталап қан сынамасын алу жөнінде №1 нұсқама толтырып, округтің ветеринариялық пункт мамандары күнтүзбелік 15-20 күн ішінде қайталап қан сынамасын алады. Осы уақыт аралығында күдікті мал басқа малдардан оқшауланып, жеке ұсталады. Қан сынамасының нәтиже теріс болған жағдайда, оқшауланған малдар қайтадан табынға немесе отарға қосылады, оң немесе күдікті болса қайта өңдеу орнына өткізіледі. Қайта өңдеу орнында сойылған малдардан (титрі жоғары, клиникалық белгілері бар, топтастырылған малдардың ішінен анықталғандардан) ветеринариялық станция мамандары биологиялық материал алып, полимеразды тізбектік реакциясымен табынның (отардың) зақымдалу жағдайын анықтау үшін мемлекеттік зертханаға жіберіледі.Полимеразды тізбектік реакциясының қорытындысымен оң нәтиже алған кезде, аула, шаруа қожалығы немесе басқадай құрылым аумағы аурудан қолайсыз ошақ деп танылады. Аудандық ветеринариялық станция мамандары мал иелерінің қатысуымен эпизоотиялық талдау жасайды, ошақтың аумағын, ошақтағы ауруға бейім малдардың санын, қора-жайдың, алаңдардың аумағына анықтау жүргізеді. Белгіленген тәртіппен құжаттар топтамасы аудандық Бас мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторға ұсынылады. Кейіннен шектеу шаралары енгізіліп, тиісті айықтыру жұмыстары жүргізіледі. Мал иелеріне айықтыру аяқталғанға дейін малдарды шығаруға, бөтен жерден мал кіргізуге, сатуға, союға тыйым салынады оған мал иелері тікелей жауапты болады. Сауықтыруға қойылған мал басы өлген немесе басқадай шығын болған жағдайларда жерегілікті жердегі ветеринария мамандарға хабарлап, анықтау жұмысы жүргізіледі тиісті құжаттар толтырылады. Сауықтыруға қойылған мал бастары жергілікті әкімшілік белгілеп берген жерге бағуға, суғаруға, қора жайдың тазалығын қамтамасыз етуге, сонымен қатар айықтырумен айналысатын ветеринар мамандарға тұрақты түрде жәрдем көрсетуге міндетті.*

*Ал қосымша тексеру қортындысымен теріс нәтиже алынған жағдайда күнтүзбелік 15-20 күн аралығында қан алынып, 2 рет теріс нәтижеге қол жеткізгенге дейін, қосымша зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Мемлекеттік вет-сан инспектор берген нұсқама талаптарына міндетті түрде мал тұрған қора-жайға, ашық алаңдарға механикалық тазалық жұмыстарын жүргізіп, мал иесі есебінен дезинфекция, дезинсекция, дератизация жұмыстарын атқарады.*

**Бруцеллез ауруының алдын-алу шаралары:**

*- Аула иелері, шаруа қожалығы, басқадай құрылым басшылары тұрақты малдың есебін жүргізу, осы мақсатта бірдейлендіруді қамтамасыз ету;*

*- Диагностикалық іс-шараларды уақытылы жүргізу қан алу жұмысымен ауруға бейім мал басын толық қамту, жеке аула және шаруа қожалығы, басқа құрылымдардағы жануарлардың барлығынан 1 мезетте қан алу;*

*- Көктемгі қан алу уақытымен, күзгі қан алу уақытының аралығын сақтау, яғни 6 айлық мерзімді;*

*- Малдарды басқа жергелерге қосу кезінде алдын-ала қан алынып, тазалығын анықтау және малды қосатын жерлердегі малдардың тазалығына назар аудару, тасымалдауды округтің ветеринариялық пункт меңгерушісі беретін №1 үлгідегі ветеринариялық анықтамамен жеткізу;*

*- Бруцеллезбен ауырған малды, сау малдан дер кезінде бөлек оқшаулап, қайта өңдеу орындарына уақытылы өткізу;*

*- Ауыл шаруашылық жануарлары арасында іш тастау немесе өлі туған төлді көрген мезетте, а/округ ветпункт мамандарына хабарлап отыру;*

*- Ауданға тиесілі емес басқа жақтан (ауданнан, облыстан, шетелден) ауыл шаруашылық жануарларын әкелгендігі жөнінде уақытылы а/округ ветпункт мамандарына хабарлау;*

*- Сырттан келген ауыл шаруашылық жануарларын карантинге қою және тиісті жұмыстарды атқару сол сияқты профилактикалық бақылауға қою;*

*- Мал төлдету науқаны кезеңдерінде ветеринариялық- санитариялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;*

*- Эпизоотиялық тізбені жою мақсатында, жаз айларында малдарды жазғы жайылымға шығару;*

*- Мал тұрған орындар, қора-жайларға үнемі механикалық тазарту және дезинфекция, дезинсекция, дератизация жұмыстарын жүргізіп отыру;*

*- Тұрақты түрде ветеринар мамандарға өз қызметтік міндеттерін орындауға жәрдем көрсету;*

*Құрметті аудан тұрғындары!!*

*Адам мен жануарға ортақ бруцеллез ауруымен күрес баршамыздың міндетіміз болып табылады. Қолданыстағы аурумен күрес жөніндегі ереже талаптарын толық орындаған жағдайда, ауру мал санын азайтып, аудантның эпизоотиялық тұрақтылығын сақтауға мүмкіншілік туады, баршамызға сапалы өнім ұсынылып, мал басының өсуіне қолайлы жағдай қалыптасады. Ендеше баршамыз Ереже талаптарын орындайық.*

**Д.Тынысбаев,**
**ҚР АШМ ВБжҚК Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторы.**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

*Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі. Сыбайлас жемқорлықта «Мүлдем төзбеушілік» қағидасының бір бөлшегі. Оны осы бастан тоқтатпаса тұрақты індетке айналып, мемлекеттің өсіп-өркендеуіне кедергі болмақ. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі болып қалыптасқан «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде бүгінгі таңда мемлекет тарапынан «e-Otinish», ашық үкімет порталдары құрылған. Осы портал арқылы барлық мемлекеттік органдарға өз үәждері мен ұсынымдарын жолданым ретінде жіберуге болады. Сонымен қатар, барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бүгінгі таңда 80 пайыз электронды форматта көрсетіледі, бұл формат қызметалушыларға өте қолайлы, себебі кез келген жерден өтініш жолдай алады және де мемлекеттік органға келуді талап етпейді сол себепті жемқорлық тәуекелін де алып тастайды. Бүгінгі таңда біздің аппаратымызда «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» деген тақырыпта тоқсан сайын қызықты викторина ойындар жүргізіледі, сонымен қатар аппарат қызметкерлерімен тоқсан сайын сыбайлас тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілуде. Бұл жұмыстар қызметкерлер арасында барлық күш жігерді біріктіріп, мемлекет қызметшінің имиджінін барлық қырынан мінсіз болуды, сонымен бірге қызметкер бойында әдеп пен адалдық қасиеттірінің қалыптасуына және ұстануына себеп болуда. Мемлекеттік органымызда округ тұрғындарына ашықтық принципін ұстану ретінде барлық ақпарат стендерде орналасқан. Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы да орналастырылған. Келер болашақ өз қолымызда дұрыс таңдау жасап адал жұмыс жасайық.*

**М.Жумабаев ,**
**Көкжазық ауылдық округінің әкімі**

# ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК САПАСЫНА ҚАТЫСТЫ ШАҒЫМДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

*Денсаулық сақтау министрлігінің 2026 жылғы 13 наурыздағы №132 бұйрығымен 2020 жылғы 8 қазандағы №648 «Біртұтас медициналық ақпараттық call-орталығының қызметін ұйымдастыру ережелері мен оның регламентін бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізілді.*

*Бұл өзгерістер 1414 байланыс орталығы арқылы медициналық көмек сапасына қатысты шағымдарды қабылдау функциясын алып тастау жолымен азаматтардың жеке деректерін қорғау деңгейін қамтамасыз ету және дәрігерлік құпияны сақтау талаптарын орындау мақсатында жүргізілді.*

*Азаматтар медициналық көмек сапасына қатысты шағымдарын келесі цифрлық қызметтер арқылы жолдай алады:*

*– Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми сайты – msqory.kz;*

*–Qoldau 24/7 мобильдік қосымшасы.*

*Бұл ретте азаматтарға ТМККК және МӘМС жүйесі аясында медициналық көмек алу мәселелері бойынша консультациялар 1414 байланыс орталығы арқылы бұрынғы тәртіпте жүргізіледі*

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ**
**Жетісу облысы бойынша филиалы**

# ФОНД СОЦИАЛЬНОГО МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ СООБЩАЕТ ОБ ИЗМЕНЕНИЯХ В ПОРЯДКЕ ПРИЕМА ЖАЛОБ ГРАЖДАН НА КАЧЕСТВО ОКАЗАНИЯ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ




*Министерством здравоохранения утверждены изменения в приказ МЗ РК от 8 октября 2020 года №648 «Об утверждении Правил организации деятельности единого медицинского информационного call-центра и регламента его деятельности».*

*Изменения предусматривают исключение функции приема жалоб на качество оказания медицинской помощи через контакт-центр 1414 в целях обеспечения необходимого уровня защиты персональных данных граждан и соблюдения требований по сохранению врачебной тайны.*

*Подать жалобу на качество оказания медицинской помощи граждане могут посредством следующих цифровых сервисов:*

*– официальный сайт Фонда социального медицинского страхования msqory.kz;*

*– мобильное приложение Qoldau 24/7.*

*При этом консультации граждан по вопросам получения медицинской помощи в рамках ГОБМП и системы ОСМС через контакт-центр 1414 осуществляются в прежнем режиме.*

**Филиал по области Жетісу**
**НАО «Фонд социального медицинского страхования»**

# ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ – ІЗГІЛІК ПЕН МЕЙІРІМГЕ ТОЛЫ МЕРЕКЕЛІК КЕЗДЕСУ




*Көктемнің келуімен бірге табиғат түлеп, айнала жаңарып, адамзат баласының жүрегіне ерекше жылылық ұялататын Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы жетеді. Бұл – тек жаңа жылдың бастауы ғана емес, ізгілік пен татулықтың, береке мен бірліктің, қайырымдылық пен жанашырлықтың жарқын көрінісі. Осы айтулы мереке аясында Ескелді ауданында мүгедектігі бар балаларға арналған «Қош келдің, әз Наурыз!» атты кең ауқымды мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтті.*

*Аталған іс-шараның басты мақсаты – ерекше күтімді қажет ететін балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, олардың бойына өмірге деген құлшынысты арттыру, қоғамға бейімделуіне қолдау көрсету және ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттау болды. Сонымен қатар, бұл мереке балалар мен ата-аналарға рухани демеу беріп, мейірім мен қамқорлықтың шынайы үлгісін көрсетуге бағытталды.*



*Мерекелік шараның бағдарламасы мазмұнды әрі әсерлі ұйымдастырылды. Шара барысында әлеуметтік қызметкерлер мен ұйымдастырушылар балаларға арнап әсем әндер орындап, ұлттық және заманауи билер биледі. Көңілді ойындар мен қызықты көріністер ұйымдастырылып, балалар белсенді қатысып, ерекше әсерге бөленді. Әрбір сәт шаттыққа, күлкіге және қуанышқа толы болды.*

*Іс-шара аясында ұлттық салт-дәстүрлерге ерекше көңіл бөлінді. Қатысушыларға Наурыз мейрамының тарихы, оның мән-мағынасы, тәрбиелік маңызы кеңінен түсіндірілді. Қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлері – үлкенге құрмет, кішіге ізет, татулық пен бірлік секілді құндылықтар кеңінен насихатталды. Бұл өз кезегінде жас ұрпақтың ұлттық мәдениетке деген құрметін арттыруға зор ықпал етті.*

*Мерекенің маңызды бөлігінің бірі – ұлттық дастархан болды. Қазақтың кеңпейілділігін айқындайтын мол дастархан жайылып, балаларға және қонақтарға дәстүрлі наурыз көже ұсынылды. Бұл тағам – тоқшылық пен молшылықтың, ырыс пен берекенің белгісі ретінде ерекше мәнге ие. Дастархан басындағы жылы қарым-қатынас, ортақ қуаныш мерекенің мәнін одан әрі тереңдете түсті.*

*Осындай шаралардың қоғамдағы маңызы ерекше. Олар мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірге деген көзқарасын жақсартып, олардың өздерін қоғамның бір бөлшегі ретінде сезінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, мұндай кездесулер ата-аналар үшін де үлкен қолдау болып табылады. Олар бір-бірімен тәжірибе алмасып, өзара түсіністік пен жанашырлыққа негізделген орта қалыптастырады.*

*Іс-шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылуы – әлеуметтік қызметкерлердің кәсібилігі мен жауапкершілігінің айқын көрінісі. Балалардың жүзіндегі қуаныш, ата-аналардың ризашылығы – атқарылған еңбектің нақты нәтижесі. Шара соңында қатысушылар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, осындай игі істердің алдағы уақытта да жалғасын табуына тілектестіктерін жеткізді.*

*Наурыз – жаңару мен жаңғырудың, үміт пен сенімнің мерекесі. Бұл күн – өткенге тағзым етіп, болашаққа нық қадам басатын ерекше сәт. Осындай мерекелік шаралар қоғамда мейірімділік пен ізгіліктің артуына, адамдар арасындағы сыйластық пен бірліктің нығаюына зор үлес қосады.*

*Алдағы уақытта да осындай қайырымды, тағылымы мол іс-шаралар жалғасын тауып, әрбір балаға шаттық сыйлап, жүректерге жылу ұялата берсін. Әр шаңыраққа береке, әр отбасына бақыт пен қуаныш әкелсін!*

**М. Т. Мырзакулова,**
**"Жалғызбасты қарттар мен мүгедектер және мүгедектігі бар балаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету" бөлімінің меңгерушісі.**

# НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНА ОРАЙ СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР ӨТТІ



*2026 жылдың 22 наурыз күні Қарабұлақ ауылдық округінде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына орай тұрғындар арасында ұлттық және бұқаралық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды.*

*Іс-шараның басты мақсаты – ұлттық спорт түрлерін насихаттау, салауатты өмір салтын қалыптастыру және ауыл тұрғындарының бірлігін нығайту болды.*

*Жарыс барысында қатысушылар қазақ күресі, қол күрес, гір тасын көтеру, арқан тарту, асық ату, тоғызқұмалақ, қошқар көтеру, шахмат, дойбы және шағын футбол сияқты спорт түрлері бойынша бақ сынасты.*

*Аталған жарыстарға 200-ден астам ауыл тұрғыны қатысып, өзара мықтыны анықтап, тартысты ойындар көрсетті. Әр спорт түрі бойынша қатысушылар белсенділік танытып, көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады.*

*Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы медальдар мен грамоталармен, сондай-ақ Ескелді ауданы әкімдігі атынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.*

*Мұндай шаралар ауыл тұрғындарын спортқа баулып қана қоймай, Наурыз мейрамының мән-мағынасын арттырып, ел арасындағы ынтымақ пен бірлікті нығайта түседы*

**Г.Омарова,**
**«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі.**

# ҚОШҚАР КӨТЕРУ ЖАРЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ



*2026 жылдың 22 наурыз күні Қарабұлақ ауылдық округінде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына орай тұрғындар арасында қошқар көтеру жарысы өткізілді.*

*Ұлттық дәстүрді дәріптеген сайысқа ауыл тұрғындары белсенді қатысып, өзара мықтыны анықтады. Қатысушылар қошқар көтеруден күш пен төзімділіктерін сынап, тартысты жарыс көрсетті.*

*Жарыс нәтижесінде Бақтыбай ауылдық округінің тұрғыны Тыныбаев Осман 750 рет қошқар көтеріп, қарсыластарынан озып шығып, жарыстың жеңімпазы атанды.*

**Г.Омарова,**
**«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі.**

# СПОРТ – ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ!




*2026 жылғы 31 наурыз күні Қарабұлақ ауылында «Спорт – діни экстремизм мен терроризмге қарсы!» ұранымен маңызды кездесу ұйымдастырылып өтті.*

*Аталған жиынға Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы Шерекенов Мұрат Ардабайұлы және Ескелді ауданы орталық мешітінің ұстазы Даркембаев Ерқанат Серікұлы қатысты.*

*Кездесу барысында «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ Ескелді аудандық филиалының және «Eskeldi jastary» жастар ресурстық орталығы филиалының қызметкерлерімен бірлесе отырып, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорт арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу, сондай-ақ діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелері кеңінен талқыланды.*

*Жиын барысында мамандар жастарды спортқа баулу арқылы олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті нығайту, сондай-ақ теріс діни ағымдардың ықпалына түсуінің алдын алу бағытында бірқатар пікірлерімен бөлісті.*

*Кездесу соңында қатысушылар спорттың қоғамдағы маңыздылығын арттыру және жастарды жат ағымдардан қорғау мақсатында өзара ынтымақтастықты нығайтуға дайын екендіктерін білдірді.*

**Г.Омарова,**
**«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі.**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

***Сыбайлас жемқорлық – кез келген қоғамның дамуына кері әсерін тигізетін ең өзекті мәселелердің бірі. Ол экономиканың әлсіреуіне, әлеуметтік теңсіздіктің артуына және азаматтардың мемлекетке деген сенімінің төмендеуіне алып келеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып табылады. Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – қызметтік өкілеттілікті жеке бас пайдасы үшін пайдалану. Оның негізгі түрлеріне пара беру және алу, қызмет бабын асыра пайдалану, заңсыз жеңілдіктер жасау жатады. Мұндай әрекеттер қоғамдағы әділеттілік қағидаларын бұзып, адал еңбектің бағасын түсіреді. Нәтижесінде, білікті әрі қабілетті адамдар емес, заңсыз жолмен пайда тапқандар алға шығады. Жемқорлықтың пайда болу себептері әртүрлі.***

Олардың қатарына құқықтық мәдениеттің төмендігі, заңдардың толық орындалмауы, бақылаудың әлсіздігі, сондай-ақ азаматтардың немқұрайлығы жатады. Кейбір адамдар өз мәселелерін тез шешу үшін пара беруге дайын тұрады. Бұл жағдай жемқорлықтың кең таралуына ықпал етеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің тиімді жолдарының бірі – оның алдын алу. Бұл бағытта мемлекет тарапынан көптеген шаралар қолға алынуда. Атап айтқанда, заңнамалар жетілдіріліп, мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен есептілігі арттырылуда.Электрондық қызмет көрсету жүйелері енгізіліп, адам факторын азайту арқылы жемқорлық тәуекелдері төмендетілуде. Сонымен қатар, арнайы антикоррупциялық органдар жұмыс істейді. Дегенмен, тек мемлекеттік деңгейдегі шаралар жеткіліксіз. Әрбір азамат жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға өз үлесін қосуы қажет. Ең алдымен, әр адам заңды құрметтеп, адал өмір сүруді басты қағида ретінде ұстануы тиіс. Пара бермеу және алмау – бұл әркімнің жеке ұстанымы болуы керек.

**Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ – бұл жай ұран емес, бұл әрқайсымыздың өмірлік қағидамыз болуы тиіс.**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ МҰРА



*Қазіргі білім беру жүйесінде мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуы басты назарда. Бұл кезеңде баланың ойлау, сөйлеу, есте сақтау, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларды меңгеріп, қоршаған ортамен белсенді танысуы аса маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық ойындар - баланың дамуын табиғи түрде қамтамасыз ететін, оның мәдени және рухани құндылықтарын бойына сіңіретін маңызды педагогикалық әдістердің бірі.*

*Ұлттық ойындар арқылы балалар:*

*-Жаңа білімді белсенді түрде меңгереді;*

*-Әлеуметтік қарым-қатынасты дамыту, сөйлеу мәдениетін ынталандырады;*

*-Қимыл-қозғалыс белсенділігі артып, денсаулығы нығаяды*

*-Логикалық, стратегиялық ойлау қабілеті қалыптасады;*

*-Топпен жұмыс істеуге, ережелерді сақтауға үйренеді.*

*Ұлттық ойындар мен дәстүрлерді қолданудың педагогикалық әдістері*

*Ұлттық ойындар мен дәстүрлерді оқу-тәрбиелік үдерісте тиімді қолдану үшін педагогтер мына әдістерді қолданады:*

*-Мақсатты жоспарлау - ойындарды оқу бағдарламасының мазмұнына енгізу;*

*-Интеграция - ойындарды түрлі оқу қызметтері мен тәрбие шараларына біріктіру;*

*-Қолдану жағдайларын құру - қауіпсіздік, құрал-сайман, ойын ортасын ұйымдастыру;*

*-Рөлдік және драмалық тәсілдер - ұлттық ойындар мен дәстүрлерді орындау арқылы тәжірибелік әрекет жасау.*

*Үлгі ретінде, «Асық ату», «Арқан тартыс», «Теңге ілу» сияқты қазақ ұлттық ойындары баланың дене, танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған педагогикалық әрекеттер ретінде күн тәртібіне енгізіледі.*

*Ұлттық ойындардың рөлі*

*Ұлттықойындар-қазақхалқының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұрасының маңызды бір саласы. Олар халықтың тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, салт-дәстүрін, өмірге деген көзқарасын бейнелей отырып, жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімді құралы ретінде қызмет атқарады. Әсіресе мектепке дейінгі жаста ұлттық ойындардың рөлі ерекше, себебі бұл кезеңде баланың тұлғалық, психологиялық және әлеуметтік дамуының негізі қаланады.*

*Ұлттық ойындар баланың табиғи қажеттілігіне сай келетін әрекет болғандықтан, тәрбиелік ықпал күштеп емес, еркін әрі қызықты түрде жүзеге асады. Ойын арқылы берілген тәрбие баланың санасында ұзақ сақталып, оның мінез-құлқы мен іс-әрекетіне оң әсер етеді.*

*Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні - бұл тек ойын әрекеті арқылы қимыл дағдыларын дамыту ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің өміршең үлгісін беру, әлеуметтік ережелер мен құндылықтарды балалар бойына сіңіру болып табылады. Қазақ ұлттық ойындары тарих бойы ұлттық мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің ең тиімді жолы болған.*

**Мажибаева Эльмира, Аргимбековна, Ескелді ауданы Алдабергенов ауылы «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы Тәрбиеші.**

# ӘКЕМ, АНАМ ЖӘНЕ МЕН




*2026 жылдың 28 наурыз күні Қарабұлақ ауылында «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебімен» бірлесе отырып, «Спорт есірткіге қарсы» ұранымен Ескелді ауданы тұрғындары арасында «Әкем, анам және мен – спорттық отбасы» атты отбасылық спорттық жарыс ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді.*

*Аталған жарыстың негізгі мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту және тұрғындарды бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысуға тарту.*

